

ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

«Бәсекеге қаблетті маманды қалыптастырудағы тілдің ролі»



«Білім берудің жаңартылған мазмұнына менің көзқарасым»

Біз өзгеріс дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Өзгерістер біздің өміріміздің кез-келген саласында болады. Қазақстандық білім беру жүйесі мен оның мазмұны да жаңаруда. Сондықтан, уақыт талабына сәйкес, біз жас ұрпақты оның алдында тұрған мәселелерді шешу үшін жаңа ақпаратты игеру және пайдалану қабілетіне үйретуіміз керек. Жаңартылған бағдарламаның жаңалығы бағдарламаның әрбір мақсаты бойынша күтілетін нәтижелерді нақты айқындау болып табылады. Біз оқытушыға да, оқушыға да мақсатқа жету дәрежесін анықтауға көмектесетін оқу нәтижелерін дәл бағалай аламыз.


Мұғалімнің оқытуды реттеуге мүмкіндігі бар. Оқушыларөздерініңбілімденгейінанықтауғамүмкіндікалады. Бұл өзін-өзі реттеу дағдылары бар ойлау оқушысын және рефлексиялық мұғалімді қалыптастыруға әкеледі. Мұғалімнің міндеті-оқушының тұлға ретінде үйлесімді дамуына жағдай жасау, түлекті жоғары функционалды сауаттылықпен қамтамасыз ету. Бұл міндеттерді шешуге жаңартылған мазмұндағы біліктілікті арттыру курстары септігін тигізеді. Жаңартылған мазмұн шеңберіндегі білім беру бағдарламасының мақсаты білім беру бағдарламасын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу контекстінде мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру болып табылады.

Сабақта оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып, оқушылардың танымдық белсенділік деңгейін дамытуға болады. Сәтті сабақты жоспарлау кезінде Мен келесі қағидаларды басшылыққа алуым керек:

- * еркіндік қағидасы: оқушының өзін көрсету мүмкіндігін шектемеңіз;
- * ынтымақтастық қағидаты: оқу процесінде мұғалім мен оқушы бір-бірімен өзара әрекеттесіп, қолдау көрсетуі керек;
- * сенім қағидасы білім алушының жетістікке жетудегі сенімділігі, білім алушының өз оқушысына деген сенімділікті ұялата білуі;
- * толеранттылық принципі: оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасау;
- * төзімділік принципі: эмоционалды тыныштықты сақтау, ашуланбау, қолайсыз жағдайларды қиындатпау. Колледждегі оқу нәтижелері бізден, педагогтардан әрбір оқушыны оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі табыстарды, оның оқуға деген көзқарасын және жалпы тұлғаның даму серпінін жан-жақты және объективті бағалауды талап етеді. Бірақ оқыту мен оқыту әдістемесіне жаңа тәсілдерді енгізудің үздік тәжірибесін көрсете отырып, білім беру мазмұнын жаңарту дәстүрінің оң тәжірибесінде ескеруі тиіс. Оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерінің синтезі оқушылардың танымдық белсенділігін белсендіретін сабақтарды өткізу формаларын әр тараптандыруға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, қазақстандық білім деңгейі мемлекеттің даму міндеттеріне сәйкес келуі және оның қазіргі әлемде бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуі тиіс..

Молдажанова Г.С. – шет тілі оқытушысы



Жаңартылған білім беру – заман талабы.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі таңда қазақ тілі - мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқыту жүйесі өзгерді. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтымақтастықпен шешуге қабілетті жаңашыл ұстаз қажет.

Сонымен қатар жаңартылған білім беруді маңыздылығы-оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, АКТ-ны қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, коммуникативті қарым-қатынас жасай алу, жеке, жұппен және топта жұмыс жасай білу қабілеттерін арттыру.

Оқушылардың колледжде табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отырумен қатар жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білуі қажет. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденісі ұстаздың кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»,-деп Ахмет Байтұрсынұов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы қажет деп ойлаймын. Өзінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

2020 жылы білім беру мазмұнын жаңарту аясы бойынша курс оқып, білімімізді жетілдірдік. Сол курстарда көңіл қойып, ой түйетін маңызды сәттер көп болды: жаңа бағдарлама бойынша сабаққа қысқа мерзімді жоспар құрастыру, төрт дағды бойынша (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқып үйренген тренингтер біздің педагогикалық білімімізді тереңдеті түсті. Осы төрт дағдыны үнемі назарда ұстап отыру, білім саласындағы тың өзгерістерді танып-білу, өз біліміңді көтеру үнемі жаңалыққа ұмтылу қазіргі таңда аса маңызды.

Ұстаз оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімінен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр.

Қазақ тілі пәнінің оқытушысы Мукашева Э.М.

Филологиялық
пәндерінің бірлестігі